

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстан тарихы және саяси-әлеуметтік

пәндер кафедрасы

# **XIX ғасырдағы бейклассикалық философия**

Қарағанды 2010

# Марксизм философиясы

Марксизм философиясын жасаушылар немістің 2 ғылымы **Карл Маркс (1812-1883)** және **Фридрих Энгельс ( 1820-1895 )** болды.

Марксизмді негіздеушілердің басты еңбектері:

1. К.Маркс, “Фейербах туралы тезистер”;
2. К.Маркс, «Капитал»;
3. К.Маркс, 1844ж. Экономикалық философиялық қолжазбалар;
4. «Коммунистік партияның манифесі»; Маркс және Энгельс;
5. «Святое семейство». «Неміс идеологиясы», Маркс және Энгельс;
6. Ф.Энгельс, «Табиғат диалектикасы»,
7. Ф.Энгельс, «Анти - Дюринг»,
8. Ф.Энгельс, «Маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің рөлі»;
9. Ф.Энгельс, «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы».

Марксизм өз заманының көптеген өткір сұрақтарына жауап беріп, ХІХғ. соңы -ХХғ. бірінші жартысында Германия шеңберінен асып, интернационалдық ілімге айналды.

Біршама елдерде (КСРО, Шығыс Еуропа соңтүстік елдерінде, Азия мен Африканың кейбір мемлекетінде) маркстік философия ресми мемлекеттік идеология деңгейіне дейін көтеріліп, догмаға айналды.

Бүгінгі марксизм алдында догмалардан арылып, ғылыми-техникалық революция жетістіктерін ескеріп, постиндустриалды қоғамның реалдылығына бейімделу міндеті тұр.

Марксизмнің және маркстік философияның пайда болуының алғы шарттары:

1. оған дейінгі материалистік философия (Демокрит, Эпикур, ХУІІғ-ғы ағылшын материалистері - Бэкон, Гоббс және Локк, ХУШғ-ғы француз ағартушылары және әсіресе ХІХғ. ортасындағы Л. Фейербахтың атеистік-материалистік философиясы);

2. ғылым мен техникадағы жаңалықтардың қаулап ашылуы (материя мен энергияның сақталу заңдары, Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясының тірі организмдердің клеткалық құрылымының ашылуы, сым телеграф, паровоз, пароход, автомобиль, фотографияның ашылуы, өндіріс сферасындағы, еңбек механизациясы саласындағы жаңалықтар);

3. Ұлы француз революциясы идеалдарының күйреуі еркіндік, теңдік, туысқандық, француз Ағартушылығы идеялары, оларды реалды өмірге ендірудің мүмкін болмауы;

4. әлеуметтік-таптық қайшылықтар мен даулардың өсуі (1848-«1849жж. революция, реакция, соғыстар, 1871ж. Париж коммунасы);

5. дәстүрлі буржуазиялық құлдылықтар дағдарысы (буржуазияны революциялық күштен консервативтіге айналдыру, буржуазиялық неке мен адамгершілік дағдарысы).


Марксистік философия материалистік сипатта.

Ол екі үлкен бөлімнен -диалектикалық материализмнен және тарихи материализмнен құралады (тарихи материализм көбіне диалектикалық материализмнің бөлігі ретінде қарастырылады).

Маркс пен Энгельстің философиялық новаторлығы - тарихка материалистік түсінікте - тарихи материализмінде).

### **Тарихи материализмнің мәні мынада:**

1. қоғамдық дамудың әрбір кезеңінде адамдар өз өмірін камтамасыз ету мақсатында өз еріктерінен тыс олардың қалауына бағынбайтын өндірістік қатынастарға енеді (өз еңбегін сату, материалды өндіріс, үлестіру);
2. өндірістік қатынастар мен өндіргіш күштердің деңгейі мемлекет пен қоғамдық институттардың. Қоғамдық қатынастардың базисі болып табылатын экономикалық жүйесі құрайды:
3. аталған мемлекеттік және қоғамдық институттар, қоғамдық қатынастар экономикалық базиске қатысты қондырма рөлін атқарады;
4. базис және қондырма бір-біріне өзара ықпал етеді:



5. өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму деңгейіне, базис пен қондырманың типіне байланысты қоғамдық-экономикалық формациялардың түрлері пайда болып, бірін-бірі алмастырып отырады:

1) алғашқы қауымдық қозғалыс (өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың төменгі деңгейі, қоғам негіздерінің пайда болуы);

2) иеленушілік қоғам (күлдыққа негізделген экономика);

3) азиаттық өндіріс тәсілі - бұқаралық, коллективтік еңбекке (ірі өзендердің бойындағы - Ежелгі Египетте, Мессопотамия, Қытай - азат адамдарды-диқандарды қатаң мемлекеттік басқаруға) негізделген ерекше қоғамдық-экономикалық формация;

4) феодализм (аса ірі жер меншігі мен оған тәуелді шаруалардың еңбегіне негізделген экономика);

5) капитализм (еркін, азат, бірақ меншік (өндіріс құралдарының) иесі емес жалдамалы жұмысшылардың еңбегіне негізделген экономика);

6) социалистік (коммунистік) қоғам - өндіріс құралдарына мемлекеттік (қоғамдық) меншік тұсындағы тең адамдардың ерікті еңбегіне негізделген келешектің қоғамы;

7) өндіргіш күштердің деңгейінің өсуі өндірістік қатынастардың өзгеруіне және қоғамдық-экономикалық формация мен қоғамдық - саяси қатынастың алмасуына әкеледі;

8) экономиканың, материалды өндірістің, өндірістік қатынастардың деңгейі мемлекеттер мен қоғамдардың тағдырын, тарих барысын анықтайды, белгілейді және шешеді.

Маркс пен Энгельс мынадай ұғымдарды негіздеді:

1. өндіріс құралдары;
2. жаттану;
3. қосымша күн;
4. адамды адамның қанауы.

Өндіріс құралдары - балға, станок, компьютер, т.б. ерекше товар - жаңа товар өндіруге мүмкіндік беретін жаңа деңгейдегі еңбек функциясы.

Бірақ жаңа товар өндіру үшін оны қозғалысқа келтіретін, «жұмыс күші» деп аталатын қажетті компонент - адамның қатысуы міндетті.

Капитализм эволюциясы барысында қызметтегі бұқараның көпшілігінің өндіріс салдарынан, және, демек, еңбек нәтижелерінен алыстауы, жаттануы іске асады. Негізгі товар - өндіріс құралдары аз санды меншік иелерінің қолына шоғырланып ал өндіріс құралдарына иелік етпейтін, өзіндік күн керіс көзі жоқ еңбекшілер бұқарасы өз қажеттіліктерін өтеу мақсатында меншік иелеріне жалақы үшін жалдамалы жұмыс күші ретінде өз еңбегін сатуға мәжбүр.

Жалдамалы жұмыс күші жасайтын өнімнің құны оның (жалақы түріндегі) еңбек құнынан жоғары. Екеуінің арасындағы айырма, Маркс тілімен айтқанда, қосымша құл болып табылады. Қосымша құнның бір бөлігі капиталистің қалтасына кетсе, бір бөлігі келешекте одан да көп қосымша құн алу үшін жаңа өндіріс құралдарына жұмсалады.

Маркстік философияның негізін қабылдаушылар мұндай жағдайдан шығу жолы ретінде жаңа, социалистік (коммунистік) қоғамдық-экономикалық қатынастар орнатуды нұсқады.

Ол қоғамда:

1. өндіріс құралдарына жеке меншік жойылады;
2. адамның адамды қанауы, басқалардың еңбек өнімін аз адамның иемденуі жойылады;
3. өндіріс құралдарына жеке меншік қоғамдық (мемлекеттік) меншікпен алмастырылады;
4. еңбек нәтижесінде алынған өнім қоғам мүшелеріне әділетті жолмен тең бөлініп үлестіріледі.



Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмі негізіне материалистік қағидалар өңдеуінен өткізілген Гегель диалектикасы алынды. Энгельске айтқанда, Гегель диалектикасы «басынан аяғына» қойылды.

Диалектикалық материализмнің негізгі қағидалары мынадай:

1. философияның негізгі сұрағы болмыс пайдасына шешіледі (болмыс сананы анықтайды);
2. сана- өзіндік мән ретінде емес, материяның өзін-өзі бейнелеу қасиеті ретінде түсінілді;
3. материя - тоқтаусыз қозғалыс пен дамуда болады;
4. Құдай жоқ. Ол — адамзатқа түсініксіз құбылыстарды түсіндірудегі адам қиялының жемісі, идеалды бейнесі, Құдай тіршілігі идеясы адамзатқа (әсіресе оның қараңғы бөлігіне жұбаныш пен үміт береді. Құдай қоршаған дүниеге ешқандай ықпал етпейді);
5. материя мәңгі және шексіз, уақыты жеткенде өз тіршілігінде жаңа формаларға енеді;
6. дамудың маңызды факторы - практика: - адамның қоршаған дүниені және өзін-өзі өзгертуі;
7. даму - диалектика заңдары: — қарама - қарсылықтардың бірлігі мен күресі, сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне ауысуы, терістеуді терістеу - бойынша іске асады.

## XIX ғасырдағы идеалистік философия

Неміс классикалық философиясы (өкілдері Кант, Фихте, Шеллинг және Гегель) әлемдік философияның дамуына үлкен үлес қосып, болмыс мәні, таным, т.б. маңызды философиялық мәселелерге идеалистік позиция тұрғысынан өз заманына лайық барынша толық жауаптар берді.

Бірақ қоршаған дүниеге берілген идеалистік түсіндірмемен, неміс философиясының классиктерімен келіспегендер де болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында неміс классикалық философиясына, әсіресе, гегельяндыққа арналған сында екі басты бағыт қалыптасты:

1. «солшылдардың» - материалистік философияның (Л. Фейербах, К.Маркс, Ф.Энгельс) сыны;
2. «оң қанаттың» - бейклассикалық идеалистік философияның сыны.

Бейклассикалық идеалистік философия неміс классикалық философиясын, әсіресе, Гегель философиясын сынауды негізгі мақсат деп білді. Бірақ материалистер мен позитивистер сияқты жаңа жолдарды емес, екі әдісті тандады. Бейклассикалық философияның өкілдері дүниені «классиктер» сияқты идеализм тұрғысынан, бірақ ескі, Гегельге, классикаға дейінгі (платондық, т.б.) идеализм тұрғысынан түсіндіріп, ескі классикаға дейінгі идеализм шеңберінде жаңа, бірегей шешім табуға ұмтылды.

## XIX ғасырдағы бейклассикалық идеалистік философияның басты бағыты 2:

1. иррационализм;
2. «өмір философиясы»;

Иррационализм - табиғаттағы логикалық байланыстардың болуын, қоршаған дүниені тау тас және заңды деп қабылдауды терістеп, Гегель диалектикасын және ондағы даму идеясын сынады.

Қоршаған дүние — тұтастығы, ішкі заңдылықтары, даму заңдары жоқ, ақылға емес, аффект, ерік-тілек сияқты қозғаушы күштерге ғана бағынатын бөлшектелген, түйдектелген хаос екендігі туралы ой — иррационализмнің басты идеясы. Иррационализмнің көрнекті өкілі - **Артур Шопенгауэр** (1788-1860). Өз творчествосында ол Гегель диалектикасы мен тарихилық принципіне қарсы шығып, кантиандық пен гипотонизмге қайта оралуға шақырды. Волюнтаризмді өз философиясының универсалды қағидасы деп жариялады (волюнтаризм - қоршаған дүниедегі басты қозғаушы күш - ерік (воля) деп санайтын философиялық ағым).

Өзінің «Дүние-ерік және қабылдау ретінде» («Мир как воля и представление») атты кітабында Шопенгауэр логиканың жеткілікті негіз заңын тұжырымдады. Бұл заң бойынша философия материалистер сияқты объектілерге де, субъективті идеалистер сияқты субъектіге де емес, тек қана сананың акті болып табылатын қабылдауға сүйенуі тиіс.

Қабылдау объективті шындық та, танушы субъект де емес, объект пен субъектте бөлінеді. Дәл осы объект негізінде жеткілікті негіз заңы жатыр және ол өз кезегінде 4 дербес заңға жіктеледі:

1. болмыс заңы - кеңістік пен уақыт үшін;
2. себептілік заңы - материалды дүние үшін;
3. логикалық негіз заңы — таным үшін;
4. адам әрекеттерінің мотивациясы заңы.

Осылайша қоршаған дүние (объект түсінігі) болмысқа, себептілікке, логикалық негіз бен мотивацияға тіреледі.

Субъекттің қабылдауы соншалықты күрделі емес.

Таным процесі адам санасының:

1. тікелей танымы;
2. рефлексивті танымы;
3. интуициясы арқылы іске асады.

## **Шопенгауэр философиясының орталық ұғымы - ерік.**

Ерік - Шопенгауэр түсінігінде — абсолютті бастама, барлық нәрсенің тек — тамыры барлық мәнді анықтауға және оған ықпал етуге қабілетті идеалды күш.

Ерік сонымен қатар тіршілік негізінде жатқан жоғары космостық принцип.

Ерік:

1. сана негізінде жатады;
2. заттардың ең жалпы мәні болып табылады.

Ерік – заттардың ең жалпы мәні деп түсіндіргенде Шопенгауэр Канттың «санада тек қоршаған дүние заттарының бейнелері (образдары) ғана бейнеленеді (аффициацияланады), ал олардың ішкі мәні шешілмес жұмбақ («өзіндік зат») болып қалады» деген теориясына сүйенеді.

Шопенгауэр бұл теорияны волюнтаризм тұрғысынан қолданды:

1. қоршаған дүние - адам санасындағы түсініктер дүниесі ғана;
2. дүниенің, оның заттарының, құбылыстарының мәні «өзіндік зат» емес, ерік;
3. құбылыстар әлемі мен мәндер дүниесі дегеніміз - қабылдаулар дүниесі мен еріктің әлемі;
4. әр адамның еркі оның өз әрекеттерін анықтайтыны сияқты, бүкіл әлемдегі жалпы ерік, заттар мен құбылыстардың еркі - дүниедегі сыртқы құбылыстардың, заттардың қозғалысы мен құбылыстардың пайда болуына себепші болады;
5. тірі организмдердің ғана емес, өлі табиғаттың да «бейсаналық». «қалғып жатқан» еркі бар;
6. дүние - еріктің жүзеге асуы.

Ерік мәселесінен басқа Шопенгауэр басқа да философиялық мәселелерді

— адам тағдыры,

еркіндік,

қажеттілік,

бақыт,

адам мүмкіндіктері

сұрақтарын қарастырады. Философиясының оларға беретін сұрақтары тұтас алғанда пессимистік сипатта.

Адам және оның санасы негізіне ерікті алғанына қарамастан Шопенгауэр адамның табиғатқа ғана емес, оның өзіне-өзінің билік ете алу мүмкіндігіне сенбейді.

Адам тағдыры заттар мен құбылыстардың бүкіл-әлемдік хаосы тізбегінде жүреді және бүкіләлемдік қажеттілікке бағынышты. Жеке адамның еркі қоршаған дүниенің еріктер жиынтығы алдында шарасыз, әрі оған бағынышты. Шопенгауэр адам бақытына сенбейді.

Шопенгауэр философиясы (оның жеткілікті негіз туралы төрттік заңы, волюнтаризмі мен пессимизмі, т.б.) өз замандастарына түсініксіз болды, қабылданбады, танылмады да. Әйтсе де Шопенгауэр философиясы бейклассикалық идеалистік философияның (иррационализм, символизм, «өмір философиясы») және позитивизмнің дамуында үлкен рөл атқарды.

## «Өмір философиясы»

Шопенгауэрдің философиялық дәстүрін жалғастырған Фридрих Ницше(1844-1900) болды. Ницше иррационализмге жақын «өмір философиясын ың» негізін қалаушы деп саналады.

Бұл бағыттың өзекті ұғымы - нақты адам үшін басты және жалғыз реалдылық -өмір ұғымы.

Ницше тусінігінде философияның мақсаты — адамның қоршаған дүниесі бейімделіп, өзін өмірде барынша іске асыруына көмектесу.

Қоршаған дүние мен өмір негізінде ерік жатыр.

Ницше адам еркін бірнеше түрге жіктейді:

1. «өмірге ұмтылыс»;
2. адамның өз шегіндегі ерік ( «ішкі стержень»);
3. басқарылмайтын, бейсаналық ерік - (сезімдер), аффектілер;
4. «билікке ұмтылыс».

^



Еріктің соңғы түрі - «билікке ұмтылысқа» Ницше ерекше мән береді. Ницше пікірінше, «билікке ерік» белгілі дәрежеде адамдардың бәріне тән.

Табиғаты бойынша «билікке ұмтылыс» өзін-өзі сақтау инстинктіне жақын: адам ішінде жасырын жатқан қауіпсіздікке ұмтылыстың сыртқы көрінісі және адам әрекеттерінің қозғаушы күші.

Ницше пікірінше әрбір адам, әрбір мемлекет саналы немесе, бейсаналы түрде сыртқы дүниеде өз «Менін» кеңейтуге тырысады.

Ницше философиясы (оның басты идеялары - өмір адам үшін жоғары құндылық екендігі «өмірге ерік», «билікке ерік») негізінде адам және оның өмірі мәселесі тұрған -прагматизм, феноменология, экзистенциализм. т.б. сияқты қазіргі заманғы философиялық концепцияларға ізашар болды.

**Вильгельм Дильтей** (1833-1911) - «өмір философиясы» бағытының өкілі. Дильтей қоршаған дүниенің көптүрлілігі мен адам өмірінің бірегейлігі ойлауға (идеяға) негізделген Гегель философиясын сынады. Ойлау (идея) орнына Дильтей философия негізіне «өмір» ұғымына қоюды ұсынды.



Өмір — адамның дүниедегі болмысының тәсілі.

Өмір мынадай белгілерге ие:

1. тұтастық;
2. көптүрлі рухани бастамаға ие;
3. жоғарғы дүниемен ажырамас бірлікте.

Дильтей пікірінше, философия материя, сана, диалектика, т.б. туралы «схоластикалық» пікірталасты доғарып, өмірді, оның барлық көріністерін айрықша құбылыс (феномен) ретінде қарастыруға тиіс.

Сонымен қоса Дильтей саяси-әлеуметтік сұрақтарға және тарих мәселесіне үлкен мән берді.

Тарих - прогреске апаратын айқын және заңды процесс деген концепцияны терістеді. Дильтей пікірінше, тарих - жеке адамды ғана емес, тұтас халықтардың иірімге тартатын хаос, кездейсоқтықтар тізбегі. Тарих барысын өзгерту мүмкін емес.

*Назарларыңызға  
рахмет*